


Бақыт РҮСТЕМОВ

КУРДЭС


ПЕН

ЖЕҢІС



БАҚЫТ РҮСТЕМОВ

КУРДЭС
МЕН
ЖЕҢІС



2-кітап

Астана - 2010

УДК 070
ББК 76.01
Р90

Р 90 Рустемов Б.

Күрес пен жеңіс: халықаралық публицистика. Астана, 2010.
2-кітап – 352 б.

ISBN 978-601-06-0200-7

Кітапта біздің қоғамға бұрын-соңды аты кеңінен танылмаған Жер шарының Батыс бөлігінде өмір сүріп келе жатқан латын-америкалық мемлекеттердің бірі – Куба Республикасы туралы айтылған. Оның саясаты мен тарихы, мәдениеті мен әдебиеті, ата-салт дәстүрі мен діни бағыттары, экономикасы мен әлеуметтік жағдайларының даму жолдары баяндалады. Жаңадан қалыптасып келе жатқан Қазақстан мен Куба елдерінің дипломатиялық қарым-қатынасы да бұл еңбекте өз орнын тапқан. Сонымен қатар Латын Америкасының бүгінгі таңда әлем деңгейінде танымал болған саясаткерлері туралы айтылып және ұлы жазушыларының еңбектері жарық көрген.

Кітап жалпы оқырманға арналған.

Басылым авторлық редакциямен жарияланып отыр. Автордың айтқан пікірлері баспаның ұстанған бағытымен сәйкес келмеуі мүмкін.

УДК 070
ББК 76.01

ISBN 978-601-06-0200-7

Р 45020220000
00(05)-09

© Рустемов Б., 2010

Роберто Фернандес**ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ХХ ҒАСЫРДАҒЫ
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МӘДЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Соғыстан кейінгі кезеңде, сол кездегі “нашар дамыған” немесе “үшінші әлеммен” шоқындырылған, отарлық және бейотарлық елдердің саяси мәселесі ерекше шиеленіскен кезде латиноамерикалық әдебиет белгілі жазушылардың: Мануэль Бандейраның, Эсекиель Мартинес Эстараданың, Мурило Мендестің, Карлос Друммонда де Андраденың, Хуан Боша және Сиро Алегрияның жетілген туындыларымен қатар Мигель Анхель Астуриастың “Сеньор Президент” және “Жүгері адамдар”, Агустин Яньестің “Дауыл алдында”, Леопольд Маречальдың “АдамБуэносайрес”, Мануэль Рохастың “Ұрының ұлы”, “Джордж Лэммингтің “Менің терімнің құлпында”, Хуан Рульфонның “Педро Парамо”, Жак Стефен Алексистің “Мейірімді Күн генерал”, Габриэль Гарсия Маркестің “Үзіліп түскен жапырақ”, Жоан Гимараэс Розаның “Үлкен сүрлеудің соқпақ жолдары” секілді маңызды романдармен байытылады. Жалғыз 1958 ж. ішінде ғана Гильеннің “Қанаттанған халықтың көгершіні”, Карпентьердің “Уақыт соғысы”, Неруданың “Эстрадагарио”, Аргедастың “Терең өзендер”, Амадудың “Габриэла”, Октавио Пастың “Зорлық – зомбылық кезеңі”, Синтио Витьердің “Поэзиядағы Кубаның бастауы” жұмыстары жарияланды.

Кез келген ықыласты оқырман бұл жазушылардың шығармашылығы кең алуан мұраның қайта өңдеу нәтижесі екендігі туралы өзіне-өзі есеп береді. Бірақ, сонымен қатар, оқырман егер бұл әдебиет өмірге келетін әлем тарихи тұрғыдан алғанда, – “нашар дамыған” әлем болса, ал бұл әлем өзіндік көрінісін табатын оның әдебиеті міндетті түрде “нашар дамыған” болып табылмайды, керісінше, көптеген жағынан үлкен әдебиет деп аталуы мүмкін.

Дегенмен, бұл әдебиет көрнекті жазушыларды шығарғанына қарамастан және олардың кейбіреуі біздің елдеріміздің шегінен тыс алыс жерлерде танымал болғандығына қарамастан (1945 ж. Габриэла

Мистраль әдебиет бойынша Нобель сыйлығын алды; 50-ші жылдардан бастап, Борхэс, Карпентьер, Астуриас, Амаду, Сезер, Неруда және Гильен секілді жазушылардың туындылары ешкімді таң қалдырған жоқ), 60-шы жылдардан бастап қана латынамерикалық әдебиеттің үлкен әлемге кіруі туралы, оның әлемдік әдебиетпен органикалық байланысы туралы нақты айтуға болады. Бұл факт 1965 жылы “Мондыда” жарияланған, Роже Кайюаның мақаласында жаңғырықтай айтылады: “Латынамерикалық әдебиет – бұл ертеңгі күннің ұлы әдебиеті, оған өткен ғасырдың соңында ұлы орыс әдебиеті немесе ХХ ғасырдың 20-40-шы жылдары солтүстік америкалық әдебиеттің иеленгеніндей орын тиісті болады; Латын Америкасының уақыты келді. Бұл сөздерді “Коммунистік манифесттің” кейбір жолдарымен салыстырған қызық. Білуімізше, К.Маркс пен Ф.Энгельс Гетенің мысалынан алыстап, былай дейді: “Ұлттық біржақтылық және шектелгендік көптеп және барған сайын мүмкін емес болып келеді, және көптеген ұлттық және жергілікті әдебиеттер жиынынан дүниежүзілік бір әдебиет құралады”. Бірақ 1848 жылға дейін адамзаттың қолы жеткен бастыға негізделген “Манифестте” Кайюа әдебиеттері туралы айтқан Ресей мен АҚШ есепке алынған жоқ; бұл олардың дүниежүзілік аренадағы үлесінің кішкентай болғандығының белгісі. Бірнеше онжылдық өткен соң жағдай біраз өзгерді; 1882 ж. “Манифесттің” орыс басылымын шығарған кезде, авторлар құжаттың соңғы тарауына қатысты мына фактіні нұсқады: “Бұнда дәл Ресей мен Құрама Штаттар жетіспейді” – және былай деп қосты: “Бұл енді қандай деңгейге дейін өзгерді!”. Бұл сөздер, әрине, орыс пен солтүстікамерикалық әдебиет кеңінен әлемдік мойындауға ие болған кейінгі кезеңдер үшін де әділ Және сол кезде “Манифестте” Латын Америкасы туралы айтпау үшін жеткілікті негіздер бар болса, ХХ ғасырдың екінші жартысында ақиқат біздің алдымызда мүлдем басқаша тұрады. 1973 жылы Кайюаның мақаласының пайда болуынан сегіз жылдан кейін, кеңестік әдебиеттанушы В.Н. Кутейшикова француз зерттеушісінің пайғамбарлық сөздерінің артынан, жақын уақытқа дейін дүниежүзілік тарихи мәдени процестің сыртында қала отырып, “бүгінде авансценаға батыл кіретін” Латын Американың дүниежүзілік әдебиетті дамытудағы ролі туралы айтады. Бірақ Кутейшикова бұл фактіні айтумен ғана шектелмейді, бұл құбылыстың себептерін түсіндіреді: “...50-60 жылдардағы латынамерикалық әдебиеттің жаңашылдық құбылыстары әдетте Куба революциясы

бастау салған, азат ету қозғалысымен байланысты қарастырылады... Бүгін.. бұл континенттің жазушыларының белгілі көркем жетістіктерін жалпы дүниежүзілік әдебиеттік контексттен тыс, отарлық пен еуроорталықтық идеологиясының жалпы дағдарысымен байланыстан тыс және “жүзетін” континенттің халықтары жүргізетін ұлт-азаттық күреспен байланыстан тыс қарастыру мүмкін еместігі айқын болады”...

Біз әдебиет ақиқатты немесе оның жекелеген аспектілерін – мүлдем эстетикалық себептер бойынша назар аудартатын аспектілерін зерттеуге көмектесетінін білеміз, бірақ нақ осы әдебиет таза көркем себептер бойынша оларға назар аудартуға қабілетті. Бұған ұқсасты біз соңғы жылдары Латын Америкадан байқаймыз. 1959 жылғы оқиғалар бүкіл әлемде аймаққа деген қатты қызығушылық тудырды, соның ішінде әдебиетке назар аудартты. Сол кезде, Латын Америкада көптеген ондаған жыл бұрын өзінің пісіп жетілгендігін көрсеткен, дүниежүзілік маңызы бар және сонымен қатар латын-америкалық ерекшелікпен белгіленген туындыларды жасаған және жалғастыратын әдебиет бар екендігі айқын болды. Сондай-ақ бұл мәдениет Батысқа еліктеу болып табылмайтындығы (не болса да, өзінің ең үздік өкілдерінің шығармашылығында), бірақ сонымен бірге бүкіл жер шарына таралған, Батыстың мәдениетінің концептуалдық негіздерінен соншалықты үмітсіз алыс емес. Біз, еуропалықтар емес, латынамерикалықтармыз, ал Алехандро Липшиц айтқандай, “палеобатыстық” империялардың аясында туған және қазіргі заманғы батыс мәдениетімен драмалық диалогта өскен “еуропеоидтармыз”. Біз кейбір еуропалық шеттегі болған немесе бүгінгі күнге дейін болатын жағдайдағыдан соншалықты алыс емес күйдеміз. Бұған біздің мәдениетіміз метисацияның қарқынды процесіне баға жетпес үлесін қосатын, үндістік және африкандық дәстүрлермен байытылғандығын қоса айту керек. Біздің әдебиетіміздің неғұрлым маңызды шығармаларында батыс өнеріне үйреніп қалған шетелдік оқырман жеңіл көшірмелеуге ұқсас ештеңені таппайды, бірақ оларда қабылдауға қиын болатындай ештеңе жоқ. Бұның бәрі латынамерикалық әдебиеттің туындыларының кең танымалдылыққа ие болғандығына жағдай жасады, ал бұл өз кезегінде, мұндай жағдайларда жиі болатындай, “әдебиет” түсінігінің өзін кеңейтуге әкеледі, оның жанрларын анықтауға және қайта жіктеуге мәжбүр етеді. Бүгінде біз “Соғыс пен бейбітшілікті” бүкіл тарихындағы романдық жанрдың

аса биік туындыларының бірі деп бірауыздан санаймыз. Бірақ Толстойдың өзі, бұл романның сол кездерде Батыста жазылған дәстүрлі еңбектерден бүкіл ерекшелігін түсіне отырып, “бұл роман емес, әлі кішкене поэма, әлі кішкене тарихи күнпарақ” деген, және: “Пушкин кезінен бастап орыс әдебиетінің тарихы еуропалықтан мұндай шегінудің көп мысалдарын ғана ұсынбайды, бірақ қарсы келетін бірде бір мысалды келтірмейді” деп түсіндіреді.

Латынамерикалық әдебиет үшін маңызды болған, бұл жалпы мәселеге қатысты, А.Карпеньер көп жыл бұрын былай жазған: “Біздің дәуіріміздің барлық әйгілі романдары оқырманға: “Бұл роман емес!” деген ескертуден басталған. Латынамерикалық жазушы оны қоршайтын аяқатты бароктық деп атаған тілмен толық сипаттауы керектігі туралы концепциясының ұқсас пайда болуы бар: осы жағдайда ғана, Карпентьердің ойынша, осы уақытқа дейін дүниежүзілік оқырманның көзқарасынан тыс болып келген бұл ақиқатты түсіндіруге болады, сонда ғана ол дүние жүзінің мұрасы болып қалады. Осылайша, қол жетімді испан тілді оқырмандарға перуандық әлем жасаған Аргедас секілді Карпентьер Латын Америкасын бүкіл әлемнің мұрасы етуді ұсынады. Бірақ егер тілдің байлығы оның ақпараттық функциясымен байланысты болса, яғни суретшінің қиялымен емес, латынамерикалық шындықтың өзімен туындаса, онда жазушының негізгі назары оған қайталанбастық беретін және сонымен қатар оны “дамыған әлемнен” ерекшелейтін, бұл ақиқаттың белгілеріне аударылуы керек. Әдебиеттегі жемісті полемикада мұндай құбылысты Карпентьер “ғажайып шындық” деп атады.

Бейнелері, әдетте, бұл шындықты “батыстық” түсіндіруге қарсы полемикалық бағытталған, стилистикалық жағынан өте алуан түрлі туындыларда көрінетіндей.

Латын Америкасының драмалық шындығы бір-біріне соншалықты ұқсамайтын мүлдем өзгеше көптеген романдарды біріктіретін құбылыс. Олардың көбісі туралы біз айтып кеткенбіз, басқалары 60-шы жылдары пайда болды, мысалы, Уилсон Хэрристің “Павлин сарайы”, Карлос Дрогеттаның “Элой”, Хуан Карлос Онеттидің “Верфь”, Алехо Карпентьердің “Білім беру ғасыры” және Карлос Фуэнтестің “Артемио Крустың қазасы”, Хулио Кортасардың “Классика ойыны”, Марио Бенедеттидің “Отыңа рахмет”, Марио Варгас Льосьтың “Жасыл үй”, Габриэль Гарсия Маркестің “Жүз жыл жалғыздық” және Давид Виньястың “Салт аттылар”, Мануэль Кофиньо Лопестің

“Соңғы әйел және жақын ұрыс”, Аугусто Роа Бастостың “Мен, Жоғары” және Арольдо Контидің “Маскаро, америкалық аңшы” еңбектері.

Бұл туындылардың қарапайым тізімі, модернизм мен авангардизм дәуірінде поэзия алдыңғы рольді ойнағанына ұқсас қазір басты орын романға тиісті болатын латынамерикалық әдебиет әлемдік мойындауға ие боды. Ұлтық әдебиеттерінің бейнесін анықтаған орыс және америкалық романдарының маңызы да өз кезегінде осындай болған, және сол себептен де – әлемге өз елдерінің өмірі туралы айтуға ұмтылыс бар, өйткені бұның жалпыға ортақ маңызы бар. Ал бұл міндетті түрде бейненің жаңа объектілерін ғана емес, сонымен қатар әлемге жаңа көзқарасты туғызды: Толстой мен Достоевский, Фолкнер мен Хемингуэй, Карпентьер мен Гарсия Маркес әр түрлі елдер туралы айтып қана қоймайды, сондай-ақ жалпы адамзаттық мәдениетті байыта отырып (бір-бірінен, және барлық қалғандарынан ерекшеленіп), бұны әр түрлі үлгіде жасайды.

Қазіргі заманғы латынамерикалық әдебиет, әрине, романмен шектелмейді. Танымалдылығы кемдеу болса да, поэзия мен әңгіменің маңызы да аз емес, бұның дәлелі бұл жанрларда жұмыс істейтін екі едәуір танымал жазушылардың шығармашылығы болады – Марио Бенедетти және Хулио Кортасардың. Бенедетти, “ұлы латынамерикалық поэзия” туралы айта отырып, “оған жоғары деңгейге көтерілуі үшін, ештеңенің керек болмағандығын” еске салады.

Өз кезегінде Кортасар “Американың әрбір дерлік испантілдік елінде әңгіменің басқа романдық елдерде ешқашан болып көрмегендей ерекше орны бар”. Бұл сөздердің дұрыстығының дәлелі Кортасар мен Бенедеттидің өздерінің әңгімелері, сондай-ақ бұл жанрды дамытатын басқа романистердің туындылары болады: Карпентьердің, Аргедастың, Онеттидің, Рульфоның, Роа Бастостың, Гарсия Маркестің. Сатьвадора Гармендиа, және, әрине, мұндай жазушылардың шығармашылығы, басым жағынан Франсиско Колоан, Онелио Хорхе Кардосо, Хуан Хосе Арреола, Рене Маркестің, Хулио Рамон Рибейо және Антонио Бенитес новеллистердің шығармашылығы.

Қазіргі заманғы әдебиетте, бүгінде Альфонсо Рейес “көмекші әдебиет” деп атағандай атайтын туындылар да бұрынғысынша белгілі рольге ие болады – және бұл термин бізді “куәлармен” қанағаттандыра алмайды. Бұл осы заманның өткір мәселелерімен тығыз байланысты құжаттамалық әдебиет. Оны Сарментьо “Факун-

досы” және Эуклидес да Куньидің “Сертанасы” бастайды, Пабло де ла Торрьентенің “Миисьянмен бірге күресіп”, Карлос Луис Фальястың “Мамита Юнайы” және Родольфо Уолштың “Қанды қырғыны” жалғастырады, ал соңғы жылдары бұл жанр тіпті басқа жанрларға әсер етіп, едәуір қалықтауды бастан кешеді.

Біздің әдебиетімізде ортаңғы орындардың бірін сондай-ақ сөз сөйлеулер, күнделіктер және хаттар иеленеді... Көптеген мамандардың әдебиеттің не екендігі туралы сұраққа академиялық саяздықпен қателесетіндіктен, соңғы жылдары әйгілі полемикалық мақалалар тудыратын, қызу айтыстар сес көрсететін бұл жанрдың біздің әдебиетіміздегі ролінің қандай екендігі туралы сұраққа осы күнге дейін жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Латынамерикалық әдебиеттің дүниежүзілік әдебиетке кіру фактісін мойындау, әрине, біз бұл себеп бойынша қол соғуды күтеміз дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл адамзат әдебиетінің рухани көкжиектерін кеңейтуге оның қосқан үлесі туралы қайта ұғынуды болжайды. Біз небәрі бірнеше онжылдық бұрын, Азияда, Латын Америкасында немесе Африкада, жердің бұл “алыс” бұрыштарында болғанды ұмытпауымыз керек. Соңғы жылдары Вьетнамда, Кубада немесе Анголада болып өткендер, әлемдік маңызы бар оқиғалар болып қалды. Осылайша, қазіргі заманғы гуманизмның қауіпті концепцияларымен айтылатын, оған сәйкес адамзаттық мән еркектік бастаумен, ақ нәсілге, буржуазиялық, батыстық әлемге жататындықпен анықталатын, ал қалған барлығы алынып тасталатын, адам туралы әлсіз елестетуге, – мұндай елестетулерге латынамерикалық әдебиет басқа әдебиеттермен қатар өзінің, өлшенбес едәуір бай елестетулерін қарсы қояды. Біз бүкіл планетада нағыз адам, – бұл әйел де, қара да, сары да, аралас қанды да, жұмысшы мен шаруа да, азиат, латынамерикалық және африкандық дейміз. Және біз, латынамерикалық жазушылар, Николас Гильеннің естелік сөздерін қайта айта отырып, былай дейміз: адамның соңғы бейнесінде біздің белгілеріміз де көрінетін болады.



ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНЫҢ ІЛГЕРІЛШІЛ ОЙШЫЛДАРЫ

Латынамерикалық континент дүниежүзілік тарихта өзінің қайта туындауын бастап кешуде. Жаңа өмір адамдарды отарлық деп аталған көпғасырлық ұйқыдан оятады. Бұл дәуір үш ғасыр бойы созылды. Сөз жоқ, ол Латын Америка халықтарына теріс ізін қалдырды. Өз тағдырын өзі шешуі оларға онай тимеді. Оңтүстік Америка – бұл ерекше өзіне тән мәдениеті және өзіндік тұрымысы бар континент. Адамдар тұрмысының көпжүзділігі оны қалған әлем үшін кездейсоқ қызықты етеді. Мыңдаған жылдар бойы бұл жерде ұлы өркениеттер туындап, келмеске кеткен.

Кез келген халықтың ұлтының ар-ұяты мен патриоттарының алдыңғы қатары әрқашан зиялылар – ақындар мен жазушылар болғандығы белгілі. Латын Америкалық материк те ерекшелік емес. Бұл тамаша жерді мекендейтін халықтың данқты ұлдары мен қыздары тәуелсіздік үшін күреске шақырған. Мәдениет пен саяси көзқарастардың дамуына Латын Американың жазушылары мен ойшылдары үлкен үлес қосты. Әлеуметтік-тарихи тамырлар мен этно– мәдени факторлар ғасырлар тереңіне кетеді. Әдебиет халықтар өмірінің көрінісі болып табылады. Осы мағынасы терең еңбектерден біз бұл керемет материктің үлкен және шағын халықтарының мәселелері мен армандарын білеміз. Және ол бұл еркіндікті сүйетін халықтарға өз әсерін жоғалтқысы келмеген, барлық жағынан күшті мемлекеттердің үстемдігінің ауыр қиындықтары арқылы өзіне жол ашқан.

Көптеген ғасырлар бойында тұрғын халық – үндістер жойылған. Кейбір елдерде олар толықтай қырылған. Отарлық дәуір Латын Америкасына көптеген қайғы мен қасірет әкелді. Тек тәуелсіздік алысымен ғана Латын Американың елдері саяси, сол секілді экономика жағынан нағыз дамып, күшейе бастады. Олардың көп пішінді мәдениеті дүниежүзілік мәдени кеңістікке батыл кіре бастады. Латын Американың елдерінің ежелден келе жатқан тарихы, салт-дәстүрі, әсіресе, өзінің ұлттық қайталанбас фольклоры бар. Ал олардың керемет әуені мен өлеңдері қандай!

Латынамерикалық мәдениет әлемге кубалық Хосе марти және Алехо Карпентьер, чилийлық – Пабло Неруда, аргентиндық – Хорхе Луис Борхес, гватемалалық – Мигель Анхель Астуриос, парагвайлық –

Аугусто Роа Бастос, перуандық – Марио Варгес Льос, колумбийлық – Марио Бенедетти, бразилиялық – Жоржи Амаду, венесуэлалық – Мигель Отеро, мексикандық – Хуан Рульфо секілді және көптеген басқа ұлы жазушыларды сыйлады.

Одан әрі оқырмандарға дүниежүзілік әдебиеттің дамуына үлкен үлес қосқан, танымал латынамерикалықтардың еңбектерін ұсынамын.



ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ

Роберто Фернандес Ретамарға хат.

Кубалық жазушы
1967 жылғы 10 мамыр

Құрметті Роберто!

Мен сенің хатыңа жауап беруім керек, оның үстіне қазіргі заманғы латынамерикалық зиялының жағдайы туралы *сенің журналың* үшін бірнеше бет жазуға уәде бергенмін. Қазір өзіңнің көз жеткізетіндей, бұл екі тапсырманы бірге жасау анағұрлым оңай болады. Кейіннен мұхитты қиып өтетін, тіпті қағазда болсын – сенімен сөйлесе отырып, маған саған бір ойларды айту оңай болады; егер мен оларды мақала түрінде жазсам, тым ресми естілуші еді, ал сен менің тәкаппарлықты жақтырмайтынымды жақсы білесің ғой. Сондықтан біз қайтадан машинада Тринидадқа келе жатырмыз деп елестетейік... біз соны айта отырып, керемет үш күнді өткізген және мүмкін бізде ешқашан тоқтамайтын сол әңгімені жалғастырудамыз.

Мен мұндай үнді тандап алдым, өйткені “латынамерикалық” және “зиялы” сөздері менде инстинктивті сақтық тудырады, ал егер оның үстіне олар бірге үндесетін болса, онда маған сөрелерде сақталып жататын (тыныш тапқан деп айта жаздадым) диссертацияны еске салады.

Бұған тағы Латын Америкадан алыста он алты жыл тұрып жатқанымды және кез келген хроноп құштарлықпен көздейтін, атап айтқанда – өзіне өзі ләззат алдырудан басқа, кез келген мақсатсыз романдар мен әңгімелер жазатын хроноп секілді болып көрінетінімді қос. Мен барлық бұл ерекшеліктерге қарамастан, не де болса латынамерикалық зиялы екендігімді түсіну үшін үлкен күш—жігер жұмсауым керек; және әлі бірнеше жыл бұрын бұл сөз тіркесі еріксіз иық көтеруді туғызған болса, ал енді, бізді латынамерикалық ақиқаттың ирреалдылығының санасы басатын кезде, мен біздің борышымыз – барлық ойындарды, соның ішінде сөздер ойынын да шетке ысырып қою екендігін айтуға асығамын. Және ізінше, мен өзімді латынамерикалық зиялы деп танымын, бірақ бір ескертумен: мен бұл жерде саған айтайын деп жатқанның бәрін, бұған

байланысты айтпаймын. Егер жағдай мені белгілі бір контекстке қоятын болса, мен оған қарайласа айтуым керек, ал мен бәріне түсінікті болғанын қалар едім: мен өз ерікті адам ретінде адамгершілік борыштың үндеуі бойынша айтамын, және бұнымен қоса менің ұлтым және менің жазушы жағдайым ешқандай роль ойнамайды. Менің кітаптарымның бұрыннан бері Латын Америкада шығарылатыны және қайта басып шығарылатыны, сол кері қайтарылмас фактіні өзгертпейді. Мен 1951 жылы Аргентинадан кетіп, бұл жерде толық өмір сүріп, маған неғұрлым ыңғайлы болып, жаза аламын деген ойлармен өзім өмір сүретін жер ретінде тандап алған еуропалық елде тұрамын. Соңғы бес жыл ішінде кейбір нақты оқиғалар Латын Америкамен менің нақты байланыстарымды жаңартуға деген тілек туғызды, және бұл байланыс Куба арқылы және Кубаның көмегімен жүзеге асырылды. Алайда мен үшін бар бұл байланыстың маңызы менің латынамерикалық зиялының жағдайыммен ешқалай себепші болмайды; керісінше, ол – латынамерикалық көру келешегіне қарағанда, еуропалықтың жемісі екендігін және менің зиялылық жағдайыммен қарағанда үлкен деңгейде этикалық ойлармен жасалғандығын айтуға асығамын. Егер менің айтайын дегенімнің, маңызы болса, онда мен бұнымен өзімнің адалдығыма борышты боламын, және бұны отанымнан “ғайып болғаным” үшін немесе, онда қайтқым келмейтіндігі үшін тұс-тұстан тура немесе жанама айыптайтын, барлық түсті жалаушалары және кокардалары бар ұлтшылдарға жүгіне отырып, ерекше айтқым келеді.

Соңында – біз екеуміз де бұны тамаша білеміз— осы заманғы зиялының мәселесі бір нәрсеге келіп тіреледі: әлеуметтік әділеттікке негізделген, әлем құрылуының мәселесіне, ал біздің әрқайсысымыздың ұлттық тегіміз – бір сұрақтың ауыр жақтарын түсіндіретін және оның мәнісін өзгертпейтін тек ерекшелік. Бірақ дәл осы жерде өзінің елінен алыста тұратын жазушы еріксіз басқа жағдайда болады. Ол жергілікті оқиғалардың “жақшаның артында”, қандай да бір елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерімен мәжбүр ететін және әрбір саналы интеллекттен дереу позицияны тандауды қажет ететін күнделікті шарасыз “challenge and response” диалектикасының шегінен тыс болады. Оның айналада болып жатқанды қабылдау сезімі жаһандық сипатқа ие болады, өзінің пайымдауларында ол ой қорытуларын басшылыққа алады, және бұнымен қоса оның болып

жатқанға тікелей қатысу қарқыны жоғала берсін, есесіне оның көру бейнесі ерекше, көз шағылыстырарлық, кейде көз үшін шыдамайтын, бірақ әрқашан таң қаларлық анық болатын нақтылыққа жетеді. Әрине, таза ақпаратты алу тұрғысынан Буэнос–Айресте ме немесе Вашингтонда ма қайда тұрсаң да, бір оқиға болып жатқан жерде, немесе оның шегінен тыс жерде тұрсаң да бәрібір. Бірақ бұл жерде ақпаратты алу туралы емес, көру туралы сөз болып отыр. Сен, кубалық революционер ретінде, егер бұлай айтуға болатын болса, өз кезегінде сенің шығармашылығына ықпал тигізетін, сенің өмірлік сенімді еліңнің күнделікті мәселелерін жергілікті императивтер қандай дәрежеде қалыптастыратынын тамаша білесің. Сен халқыңның өмірі мен тағдыры секілді, сенің өмірің мен жеке өмірің де “Шақырулар мен жауаптар” арнасында болатын, бұл бастапқы цикл сен мен қалған әлемнің арасындағы бір уақытта байланыстырушы түйін де, кедергі де болып табылатындығын білесің; байланыстырушы түйін, өйткені сенің күресің – бұл бүкіл адамзаттың кресі, ал кедергі – өйткені күресте, от сызығынан басқа тағы бірдеңені көңіл қабылдау қиын.

Өзінің ұлттық міндетін жалпыға ортақ, әмбебап қылу үшін, оны жүзеге асыруға барлық жауапкершілікпен күресетін жазушылардың бары мен үшін құпия емес; бірақ өзінің оршаған ортасының тұтқынында қалып және егер бұлайша айтуға болса, оларды өзінің бір елімен, бір тілмен және бір әрекет-қимылмен шектеу үшін, жалпы адамзаттық идеалдар мен қағидаларға қарай, орталыққа ұмтылатын күшке бағынып, әрекет ететін зиялы өкілдері анағұрлым жиі кездеседі. Әрине, мен көмескі және теориялық универсализмге сенбеймін, жақын және нақты оқиғалар үшін – Вьетнам, Куба, Латын Америкасы үшін жауапкершіліктен қашу мүмкіндігі түсінілетіндіктен, мен “дүниежүзінің азаматы” мәртебесіне сенбеймін. Сөзсіз, менің өз жағдайым мені біздің бәрімізге қатыстыға қатысы бар етеді, әлемнің түкпір-түкпірінен жететін дауыстарға құлақ қоюға мәжбүр етеді. Кейде мен өзіме сұрақ қоямын: егер мен Аргентинада қалғанымда, жазушы ретінде не істеуші едім? Мен жазуымды жалғастыра берерімді дәл білемін, өйткенімді басқа ештеңе қолымнан келмейді. Бірақ, мен Аргентинадан кетер сәтімде бастан кешкенімді ойыма ала отырып, таптаурын жолмен: сол кезге дейін жүрген және менің буынымдағы және менің талғамыма ұқсас көптеген аргентиналықтар

осы күнге дейін келе жатқан интеллектуалдық эскейпизм жолымен одан әрі жүре беретін болармын деп болжаймын. Ешер менен елімнен кетіп қалғаным үшін қуана алатын барлық себептерді айтып беруді сұраса (айтпақшы, мен тек өзім туралы айтып отырғаным бәріне түсінікті болар деп үміттемемін, және бұл – мүлдем кеңінен таралатын ұжымдық декларация емес), онда, мүмкін, бірінші кезекте мен мынаны айтушы едім: осы жерден, Еуропадан Кубалық революцияның барысын ұлтшылдықпен соқырланбаған өз көзіммен қадағалай алатын болдым. Бұл пікірді толықтай бекіту үшін, маған кей-кейде жолда өтіп бара жатып Парижде болатын менің аргентиналық – достарыммен әңгімелесіп тұру, және Кубада нақты шындығында болып жатқанға қатысты дұрыс ақпаратты естімегендеріне олардың зығырданы қайнап, хабары жоқтығына таң қалу жеткілікті. Маған менің жиырма миллион отандастарым оқитын газеттерді қарап шығу жеткілікті, маған өзімді қауіпсіздікте сезіну және елімдегі америкалық ақпарат қызметтерінің қашып құтылуға болмайтын ықпалынан алыс екенімді ұғыну жеткілікті және көңілге жағымды. Оның үстіне: тіпті менімен шын жүрегімен келісіп, менің буынымдағы көптеген аргентиналық жазушылар мен суретшілер күнделікті сонда да “Тайме” немесе “Лайф” сыбызғысымен билейтін, Юнайтед Пресс және “демократиялық” басылымның қосалқы дауыстарының дүлей жалғандарына сенеді.

Бұл жерде мен бірінші жақтан айта аламын, өйткені сенің менен күтетін дәлелдемелерге нақ осы керек. Саған айтайын деген бірінші нәрсем, – сен үшін, сол секілді өзім үшін жағдайды мүмкіндігінше жақсырақ анықтауға тырысқан, өз хатымның басында айтқанымды тиісті абыройына қарай бағалауға болатын парадокс. Жастық шағында барлық мүдде қызығушылықтары Еуропаға қатысты болған аргентиналық өзінің болашағы туралы нақты елестетері болмай Францияға келіп, – онда онжылдықтан кейін кенеттен өзінің – нағыз латынамерикалық екендігін түсінген факті саған ерсі болып көрінбейді ме?

Бұл жерде, әрине, жас пен есейгендіктің де өз ролі бар, бірақ олар сондағы құндылықтармен достасу және оларға қайта оралу процесін түсіндіру үшін, жеткіліксіз. Мен егер Аргентинада қалғанымда, онда өзімнің жазушылық есейгендігіме басқа жолмен – мүмкін, әдебиет тарихшылары үшін неғұрлым жеңіл және жағымды

жолмен келеріме сене бермекпін, – бірақ, сөзсіз, ол аз жалыны бар, аз “провакация сыйы” бар, және ең соңында, библиографиялық көрсеткіш үшін немесе эстетикалық баю мақсатымен емес, өмірлік маңызды мәселелердің даусын табу үшін, менің кітаптарымды қолына алатын оқырмандардың көңілінен сәл алыстау әдебиет болушы еді. Мен бұл жерде өзімді “қайнар көзге қайтулар” атты ағымның өкілі деп санамайтындығымды бірден айтып өткім келеді, бұл “қайнар көздердің” астарында теллуриялық па бастау, ұлттық тамыр ма немесе тағы бірдеңе түсінілмесін, – бірақ бұл латына-америкалық әдебиеттегі маңызды ағым және бізге “Жоғалған іздерді” берді, немесе тар мағынада “Донья Барбараны”. Мысалы, сіздің Самуэль Фейхоо түсінетіндей теллуризм маған мүлдем өзінің саяздығымен, бір шеңберден аспайтындығымен бөтен. Мен тіпті провинциалдығымен деуші едім. Егер тіпті жазушы қандай да бір себептермен мәдениет пен тарихты қорытындылаушы көруіне дейін көтеріле алмаса да және өзінің бүкіл талантын “аймақтық” сипаттағы туындыларды жасауға берген болса да, мұндай әдебиетті мен түсініп, бағалаушы едім; алайда егер бұл әдетте өзінің мәдени диапазонының саяздығының салдарынан өзінің “бұрышының” құндылықтарын жалпы адамзаттық құндылықтарға зиян тигізе отырып қажымай ардақтайтын және өзінің елін бүкіл әлемге және өзінің ұлтын барлық қалған ұлттарға қарсы қоятын жазушылардың сеніміне ұласса, онда мен бұны шешімді түрде қабылдамаймын, өйткені бұл – нашар талқылаудағы ұлтшылдыққа бірінші қадам ғана. Жоғарыда аталған романның ойын күрсетің асқақ туында бейнелеген, Алехо Карпентьер секілді аса кең белгілі адамды елестете аласың ба? Әрине жоқ, бірақ бұны жасайтындар бар, бұл халықтардың өмірінде қайнар көздерге бұндай оралу, бұл Одиссейдің адасқан ұлының юнгиандық архетипі секілді дерлік, логикалық салдары ретінде барлық “бөтенді” дүлей менсінбеуге әкелетін, “өзін” ардақтауға құйылуы мүмкін фактісі секілді дұрыс. Және бізге бұл 1945 жылға дейін болғанға және тағы болуы мүмкінге себепші болатындығы белгілі.

Қаласаң да, қаламасаң да осы хаттың тақырыбы болып табылатын менің персонама қайта оралайық, және арақашықтықтан латына-америкалық өмірді парадоксалдық “екінші ашу” өкінген және сентименталдық қабылдағаннан мүлдем өзгеше процеске әкеледі. Мен өз бастауыма қайтып қана қоймаймын, бірақ, керісінше, менің

темпераментіме, менің талғамыма, және өзімді, әдетте, онай емес және көңіл қоюды қажет ететін іс болып табылатын, қарттыққа толықтай “арнаған” сәтке дейін жазып үлгеретініме неғұрлым сәйкес келетін ретінде таңдап алған, Францияны өз үйім деп санай бермекпін. Мен латынамерикалық екенімді осы жерде ұғынудың сәті түскендігі туралы айтқан кезімде, күрделі және тереңдік эволюцияның бір салдарын ғана атаймын. Бұл өмірбаян емес, және сондықтан мен бұл жерде өз эволюциямның барлық негізгі сатыларын ғана қысқаша атап өтемін. Малларме өзіне елестеткендей лл үшін ақиқат тәжі кітап болуы керек жазушы Аргентинадан кетті, ал Парижде “жазушылық тәжі шындық болуы керек” адам туылды. Бұл өзіне көптеген ұрыстарды, қантөгісті, жеңістер мен жеңілістерді қамтыған процесс болды. Мен эмоционалдық ғана емес, сонымен қатар антропологиялық тұрғыда өзімнің жақынымның барын ұғындым. Бір тамаша күні мен оянғандай, Алжирдағы соғыстың бүкіл жан түршігерлік айқындылығын түсіндім, – және бұл мен, бала кезімде принциптер мен идеялардың қақтығысуының ғана маңызы бар шеттегі бақылаушының таза ойша қызығушылығымен Испаниядағы соғыстың барысын және кейінірек екінші дүниежүзілік соғыстың барысын бақылаған мен. 1957 жылы мен Кубада болып жатқан жағдайды түсіне бастадым. Революциялық үкіметтің бірінші жылдарындағы Куба революциясының жеңісі мен үшін таза тарихи-саяси тұрғыда қанағаттануды ғана білдірген жоқ; кенеттен мен басқа сезімді бастан кештім. Мен адамға лайықты іс екенін түсіндім, нақ сол кездерден бастап мен бұны түсініп, соған ұмтыла бастадым. Мен сол кезге дейін маған қолайлы және тіпті қажетті тарихи қозғалысы болып көрінген социализм, қарапайым – бірақ ақылға сыймайтын қиын, бірақ адамның адамды қанауы тоқтаған кезде өзіне лайықты болатындығын айтатын өте қарапайым қағидамен өмір сүретін қоғамда ертеден ұмытылып қалған, соншалықты қарапайым ethos, аса маңызды адамзаттық әрекетке негізделген қазіргі заманға сай тарихи қозғалыс екендігін түсінім, Одан әрі жүруге менің халім жетпеді, өйткені, саған бірнеше рет айтып, іс жүзінде дәлелдегенімдей, мен – саяси философия саласында толықтай миғұламын, тағы да мен өзімді интеллектуалдық процестің арқасында емес, менің қалай жазатынымды, қалай өмір сүретінімді, тіршілік ететінімді жазуға мәжбүрлейтін сол сезімнің арқасында бөтен жазушы сезіндім. Біраз манихейлік оңайлатумен саған айтарым, марксистік филосо-

фияны жетік білетіндігін айтатын, бірақ өзінің жеке тәжірибесінде нағыз реакционерлер секілді қадам жасайтын адамдармен күнделікті ұшырасып, мені қорғайтын өмір маған таңатын, тесіп өтетін буржуазиялық философиямен сіңірілген мен жаныммен социализмге барған сайын көптеп ұмтыламын.

Бірақ, шешуге қажеті деп санайтын белгілі бір мақсаттарды алдына қойған жазушы ретіндегі менің күйім туралы айтар болсақ, онда мен Кубалық революцияны жаңа түсінуім туралы айтуым керек. Мені алғаш рет сенің елің баруға шақырғанда, ол кездегі менің париждық өмірім армандағыдай дәл толық және мазмұнды болғанымен, бұл Уолд Франк атаған *пайгамбар аралы* маған сағыныш, бірдеңе жетіспейтіндей, мен өз уақытымда өмір сүріп жатпағандай сезім қалдырды.

Революцияның жеңістерімен тікелей танысып, жазушылармен және суретшілермен достасып, олармен сөйлесіп, кубалық өмірдің барлық жағымды және жағымсыз жақтарын көріп, мен бұның бәрі екі есе әсер ететінін сезіндім. Бір жағынан, мен бірнеше жылдарға алыс кеткен латынамерикалық топыраққа қайта аяқ бастым; екінші жағынан, – мен бұған соншалықты аз дайындалған және барлық мүмкін қауіптерге соншалықты ашық елде социализмді құрудың қиын және кейде жанкешті тапсырмасын өмірге ұластыру кезіне күнделікті қатыстым. Бірақ кенеттен мен менің кубалық тәжірибемнің қостығы, мәнісі бойынша, қос болған жоқ, және бұл жаңалық мені соқыр қылды. Ойша пайымдауларға берілмей, талдау жасамай, мен кенет менің қабылдауымдағы төңкеріс менің Латын Америкаға қайтуыммен сәйкес келетіндігін, болу барысын маған жақыннан көрудің сәті түскен бұл социалистік революция нақ латынамерикалық екендігін түсініп, керемет сезімді бастан кештім.

Мен үш жыл өткеннен кейін Кубаға екінші рет барған кезімде сағат бұл таң қалу, бұл қуаныш менде жеке сезім болып қалмағанын дәлелдей алдым деген үміттемін. Сол кезде мен қоғамның социалистік болашағына менің пікірім және көп жыл бұрын артқа бұрылмай, кетіп қалған Латын Америкасына менің жеке, эмоционалды қайтуым түйіскен және қосылған жерге жақындадым.

Осы екі жол сапардан кейін мен Францияға қайтып келе жатқанымда, екі нәрсеге қатысты өзіме жақсырақ есеп бере бастадым. Бір жағынан, социализмді құру ісіне сол кезге дейінгі менің әлсіз және шығармашылық үлесім тәжірибелік шешімдер саласына, мен

пайда әкеле алатын менің жекемнің саласына өтуі керек болатын — кейіннен өтті де. Екінші жағынан, менің жазушылық жұмысым мен өзім үшін таңдаған және маған өмір тәсілімді айтатын бағытта жалғасуы керек болатын. Ал егер кейде менің шығармашылығымда менің ұсынушылығын көрінетін болса, онда бұл әсері тарихи уақыттан және кеңістіктен тыс дамиды, роман жазуға қазір менің ниетім бағытталған, эстетикалық еркіндік ұйғарымдарынан жасалынады. Бұқара қызметінде өнер ұранын насихаттайтын догматиктердің көңілін қалдыруға бел буып, мен ең басында айтып өткендегідей, өзінің рахаты үшін немесе “латынамерикалық” не прагматикалық мағыналы *a priori* түсінілетін, қандай да бір басқа міндеттемелермен байланысты болмай, өзінің қанағаттанбауынан жазатын сол хронолог бола бермекпін. Мен басында түсіндіргім келгені де осы жерде жатыр, осы жерде бұл неғұрлым тереңірек түсінік табады. Мен Еуропада тұрып, жазушылардан үйінде бірдененің міндетті түрде болуын қажет ететіндердің тарапынан наразылық тудырмай, “аргентиналық үлгіде” жазуға болмайтынын түсінемін. Бір күні, бір тоғышар әділқазы, менің керемет таң қалғанымға Буэнос— Айреста маған әдебиеттік сыйақыны беруді ұйғарды, мен бір белгілі аргентиналық жазушының аргентиналық сыйақыларды елде тұратындарға ғана беру керектігі туралы патриоттық қарсылықпен айтқанын білдім.

Бұл оқиға әр түрлі адамдарда түрліше көрінетін, бірақ әрқашан түрліше көрінетін позицияны жинақтайтын секілді: мен Францияда немесе Исландияда тұратыным бәрібір болып көрінетін тіпті Кубада менің қуылуыма қатысты достық түрде мазасыздық танытқан адамдар аз болмады. Мен жалған сыпайылықпен қателеспейтіндіктен, Латын Американың ұлттық және аймақтық тамырлары едәуір күрделі және кең тәжірибемен байытылғандықтан, оларда “менің бастапқыма” әрбір еске алу немесе көркем жасау жаңа өмір беретін, және соңында менің таңдауымды анықтайтын және оны қайрайтын әлемге бұл шығудың арқасында ерекше шиеленісуге жететіндіктен онда менің кітаптарымды қарсы алатын кең резонанстың менің қаншалықты таң қалдыратынын мойындаймын. Бұл сендерде мысалы Лесама Лима жасағандай, яғни ассимиляция және кубинизация процесі, және де ерекше кітаптық жолмен, Парменидтен бастап Сергей Дягилевқа дейінгі— мәдениеттің ең әр түрлі элементтерін сиқырлы— поэзиялық жолмен... Және мен шығармашылығымдағы

аргентиналық бастау тек жеңіліс тапқан жоқ емес, сондай – ақ жазушы ештеңеден бас тартуға міндетті емес, ештеңені сатпауы керек, – бұны көбісі теріске шығарғанымен, мен жақсы білемін – осылайша кеңдікте де, байлықта да жеңіп шығу, тереңдік пен маңыздылық тұрғысынан үлгеру үшін оның ұлттық құндылықтары шексіз неғұрлым кең және неғұрлым бай диапазонға кіргізілетін, көзқарасты пайдалануы керек, бұл интеллектуалдық ғарыштан ұтып шықты.

Барлық айтылған сөздерден сен, мүмкін, менің “жағдайым” мені жеке басымды ғана толғандырмайтынын бірден түсінерсің, тіпті керісінше: мен Францияда бұдан ары қарай да латынамерикалық жазушы болып қалайын деп жатырмын. Мені метафизикалық тұрғыдағы мәселе билейді: сен “Классика ойынын” оқи отырып, сөз жеткізгендей, – индивидтер мен тұтас халықтардың жан түршігерлік және қазіргі қате өмір сүруі мен адамзат ақырында социализм тәжірибелік көрініс беретін өзінің жоғары мақсатына жеткен кездегі болашақты көрудің арасында бар үнемі алшақтықтағы мәселе, ал рухани – поэзия. Сол кзден бастап, мен адамзаттың бұл негізгі мақсатын түсіндім, оны шешуді іздеу менің ұсынушылығымды анықтады және менің парызым болып қалды. Енді мен бір кездері жазушы ретінде қалыптасуымды сезіну үшін таза ойша елестетуімен негізделген туындыларды жасау жеткілікті деп ойлағандай ойламаймын, өйткені олар туралы менің пікірім өзгерді. Оның негізінде гуманистер түсінгендей жеке өзін-өзі көрсету және, социализм кезінде түсінетіндей–Петер Вайстың пьесасында неғұрлым жарқын көрініс табатын конфликт, ұжымдық өзін-өзі көрсету арасындағы конфликт жатыр.

Мен ешқашан көпшілік үшін болсын, не азшылық үшін болсын ешқашан жазбаймын, және менің кітаптарыма жазылатын пікір әрқашан маған байланысты емес және жоспарланбаған құбылыс болады. Және бірдеңе үшін жазатынымды, болашақ адамнан бірдеңе қаланған оқырманнан мен күтетін қандай да бір ойдың бар екендігін білемін. Мен латынамерикалық жастарда жанды пікір кездестіргеніне, – өмірдің керемет сұлулығының жұмбақтарына өкініштердің, нұрға бөленудің расталуына немқұрайлы қарай алмаймын. Мен менен көп жағынан асып түсетін, алайда, кітаптары менің кітаптарым анықтайтын латынамерикалық оқырманмен бауырлық диалогты анықтай алмайтын біраз жазушыларды білемін. Себеп қарапайым: егер бұрындары ертеректе өзін адамның тарихи тағдырындағы қазіргі заманғы өзгерістерге өзінің қатысы бар деп сезінбей, ұлы жазушы

болуға болатын болса, ал енді жазушының міндетін де, жауапкершілігін де бір уақытта қорытындылайтын бұл қатыстылықты ұғынбай, тіпті жазуға болмайды; олар тіпті таза қиялдаудың жемісі болсын, ақын немесе романист қана қабілетті болатын ойынның барлық бояуымен боясын, тіпті олар бұл қатыстылыққа тура бірде – бір рет түспалдамасын – осы сезім бөленген туындылар ғана, – тек бұл туындыларда ғана тамырдың айтып түсіндіруге болмайтын қағысы болады, оларды әрқашан ерекшелейтін және танитын және оқырманда жақындық пен байланыс тудыратын өзіне тән атмосфера болады.

Егер бұл онша түсінікті көрінбесе, онда маған бұл әңгімені мысалмен толықтыруға рұқсат бер. Жиырма жыл бұрын мен Поль Валери қызмет орындарында батыс әдебиетінің өмірге ұласуын көрдім. Мен осы күнге дейін де осы ұлы ақын мен эссеистке таң қалуымды жасырмаймын, бірақ енді ол менің идеалым емес. Енді менің идеалым пайымдау мен шығармашылыққа арналған, өзінің бүкіл өмірінің ішінде бірде-бір рет адамзат драмасына дейін төмен түспеген адам болуы мүмкін емес (және де өзінің кітаптарында ғана емес). Мен бірде-бір жазушыдан ол өзінің туындыларын қазір сондай майдандарда барлық түрлеріндегі империализмге қарсы жүргізілетін күрес трибунасына айналдыруын талап етпейтіндігімді, бірақ Мартинес Эстрада мен Камю қалағандай өз уақытының куәсі болғанын керек қылатынымды айтамын. Мен жазушының шығармашылығы мен оның өмірі бұл куәлікті олардың талантының ерекшеліктерімен айтып жаздырылатындай түрде көрсеткенін талап етемін. Енді өзінің адамзаттық тағайындалуына, дәулетсіздердің арасында дәулетті адамдардың арасында адамның өзінің аянышты және керемет жазмышына арқасымен айналып, өзінің жалған түсінген бостандығының арқасында жасырынатын жазушыны бұрынғысынша құрметтеу мүмкін емес.

Роберто, мен үшін бұның бәрі оңай емес. Мені Джоттодан немесе Веласкес жолынан, Риальтодан немесе Лондон залдарынан, не Тернердің картиналары қайта жарық шашатындай көрінетін, әрбір күнде, бұрынғысынша, эстетикалық және интеллектуалдық мәселелермен қарқынды айналысуға, абстрактілі философияға, ақылдың және ойдың биік ойынына, жалғыз мақсаты – сезім мен ақылдың рахаты болатын шығармашылыққа қайтуға арбайтын континентте өмір кезінде бүкіл назары мен уақытты алатын мәдениетпен және

әдемілікпен шексіз және өзімшілдік араласу – бұның бәрі менің бойымда мұндай әуестенуге ол халықтардың өмірлік мәселелеріне қатысты болмағанда, этикалық көзқарас тұрғысынан ақталудың болмайтындығын ұғынумен тоқталмайтын күрес жүргізеді. Кеше “Манд” газетінде ЮПИ сілтемемен қорғаныс министрінің, Роберт Макнамараның мәлімдемесі жарияланды. Міне сөзбе–сөз оның сөйлеуі: “Біз Қытайдың 50 қаласындағы ядролық оқтардың кішігірім санына қатысты жарылыс 50 миллион адамнан астамды құрайтын, бұл елдің қала халқының жартысын және өндіруші күштердің жартысынан астамын жояды деп болжаймыз”. Сонымен қатар, жарылыс үкіметте, техникалық сала басшылығында басты қызмет орындарын иеленетін көптеген тұлғаларды, сондай-ақ білікті жұмысшылардың көп бөлігін жояды”. Мен бұл үзіндіні келтіріп отырмын, өйткені оны оқып шығып, жазушы ештеңе болмағандай өз кітаптарына қайта орала алмайды, өзінің романист, ақын немесе драматург шеберлігін үнемі жетілдіріп, өзінің міндетін толықтай орындайды деген түсінікпен жазуды жалғастыра алмайды деп ойлаймын. Мен мұндай мәлімдеулерді оқыған кезде, менің жазушылық бастауымның қандай бөлігі менің бойымда жеңіске жеткенін дәл білемін. Саяси әрекеттерге қабілетсіз мен, мен үшін жалғыз мүмкін мәдениет саласындағы қызметтен, қажымайтын онтологиялық іздеулерден, қиялдаудың бас айналдырар ойынының өзінен бас тартпаймын, бірақ бұның бәрі енді өткір хабарға өзіндік мақсат емес және батыс мандариндерінің ыңғайлы гуманизмімен ортақ ештеңесі жоқ. Мен жазған кез келген туындылардың бірінде әрқашан бұл адамның тарихи бүгінгі күнімен байланысты орнатуға ұмтылыс, адамзаттық қауымның өзін-өзі жетілдірілуіне оның ұзақ қимылына қатысуға ұмтылыс көрінеді. Және мен, уақыт тамырының бұл қағысына әрқашан үн қататын зиялылардың шығармашылығы ғана халықтардың санасынан бүршік жарғызатынына және олардың бүгінгі және болашақ әрекеттерімен біз сол үшін туған жазушылық істі ақтайтындығына сенемін.

*Бауырлық сәлеммен құшақтадым,
Сенің Хулио Кортасарың.*

*Аударған Е. Огнева
(Хулио Кортасар – әйгілі аргентиналық жазушы)*

ЖАҢАРУ ФИЛОСОФИЯСЫ

“Жаңару философиясы” мақаласы – бұл тарихи құжат. Ол кеңестік кезеңде жазылған. Әңгіменің мәні мен мағынасы осы күнде де өзінің өзектілігін жоғалтпайды. Бұл жерде Латын Америкасының халықтары өзінің тәуелсіздігіне қалай келгендігі туралы айтылады. Тарихты тұлғалар жасайтыны белгілі. Міне солар туралы қызықты жұмыс. Кітап авторының мақсаты – қазақстандықтарға Латын Америкасы халықтарының мәдениет тарихындағы жаңа парақты ашу, олардың ұлттық тәуелсіздік пен мәдени жаңаруы үшін уақтылы күресінің ерекшеліктері мен сипатын жақсырақ түсіну мүмкіндігін беру.

Ескерту: Оқырман Кеңес Одағы мен Латын Америкасы халықтарының арасындағы достықты жақындастыру мен күшейту туралы сөздерді кездестіргенде Жердің жалпы халықтарының арасындағы деп түсінуі керек.

А.Р. Бургете, А.В. Дерюгина

Латын Америкасы халықтарының ұлттық тәуелсіздік үшін көпғасырлық күресінің әйгілі беттерге толы, жарқын тарихы бар.

Кеңес адамдары әрқашан алыс континенттің ұлдар мен қыздарының ерліктеріне тәнті болып, бұл күресті үлкен ұнатушылықпен және қызығушылықпен бақылаған. Бүгінде, Кубада социалистік революцияның жеңісі тек социализм ғана қаналған халықтарға нағыз азат етуге жолды ашқандығын дәлелдеп, бұл күрестің жеңіспен аяқталуы үшін жаңа перспективалар ашқан кезде, Латын Американың халықтары революциялық Кубаға шын жүректен және риясыз көмек көрсететін, кеңес халқының игі сезімдерін толықтай бағалай алды.

Біз Латын Американың халықтарының жақсы болашағы үшін ұлы күрескерлердің аттарын – Боливардың және Сан – Мартинның, Идальго мен Морелостың, Сапата мен Вильдің, Марти мен Сандиноның аттарын ардақ тұтамыз.

Латын Америкасы халықтарының құл иеленушілерге қарсы күресінде терең революциялық дәстүрлер қалыптасты. Істері мен шығармашылығы отанға, қаналған халқына махаббатпен, отаршылдарға

деген жеккөрушілікпен, біршама әділ, едәуір адамзаттық қоғамдық құрылым құруға ұмтылыспен биленген, алдыңғы қатарлы күрескерлердің ұлттық тәуелсіздік үшін идеялары бүгінде Латын Америкасы халықтарын олардың ұлт-азаттық күресінде рухтандырады. Міне неліктен бұл идеялар, әлемде болып өткен үлкен өзгерістерге қарамастан, уақыттың сынағынан өткен, өзінің өткірлігі мен әсерлілігін жоғалтқан жоқ. Осы күнде, Латын Америкасында ұлт-азаттық қозғалыстың басында марксистік-лениндік теориямен қаруланған пролетариат тұрған кезде, бұрынғы латынамерикалық халықтардың революциялық дәстүрлері одан олардың ең сенімді және қадірлі сақтаушысы мен жалғастырушысын тапты, өйткені марксизм халықтардың өзінің азаттық күресі барысында жасап шығарған барлық жақсысын өзіне сіңіреді. “Біз үшін, – деп “Жаңа дәуір” аргентиналық коммунисттерінің журналы жазды, – Мая* азат ету қозғалысының ұлы мақсаты біздің территориямызды шетелдік үстемдіктен, феодалдық режимнің экономикалық монополиясынан босатудан, мемлекетті демократияландырудан және тәуелсіз және еркін ұлтты құрудан тұрғандығы және бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін 1810 жылғы патриоттар өзінің заманының алдыңғы қатарлы идеалдарымен рухтанғаны анық”. Міне нақ сондықтан, “коммунистер Мая* ілгерілемелі дәстүрлерінің мұрагерлері және ең жақсы қорғаушылары болып табылады” деп аяқтайды. Латын Америкасы халықтарының бүгінгі күресінде алдыңғы қатарлы революциялық идеялар мен дәстүрлердің рөліне көңіл аударта отырып, Фидель Кастро былай деген: “Егер бүгін біз тарихи даму мен революциялық ойлаудың соншалықты биік сатысында орналасқан болсақ, онда бұл біздің бірінші патриоттарымыздың бірінші қарапайым қадамдарымен дайындалғандықтан”**.

Осылайша, Латын Америкасы халықтарының идеялық мұрасына қатысты сұрақ— өзекті теориялық және саяси мәселе. Оның маңызды аспектілерінің бірі бұл халықтардың философиялық мұрасына қатынасы болып табылады.

Буржуазиялық философия тарихшылары, әдетте, Латын Америкасы халықтарының бай философиялық мұрасын елемейді. Бұл үнсіздік әңгімесін латынамерикалық философияның дербестіліктен айрылғандығымен және батысеуропалық немесе біраз кейінгі кезеңде